

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі т мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Атбасар қаласы «Еркежан» бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Ботақан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) мамыр

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. сапқа тұру, баяу, жылдам қарқында және түрлі бағытка жүру мен тоқтамай жүгіру дағдыларын бекіту;</p> <p>көбелектін кимылын салып, әуеннің ырғағымен би кимылдарын орындауды үйрену; бір аяқтан екінші аяққа, тура шоқырақтап, биіктіктен секіру дағдыларын жетілдіру;</p> <p>шеңбермен тактайда енбектеу, педагогтің көрсетуімен дамыту және сауықтыру жаттығуларын, заттармен жаттығу орындау дағдыларын жетілдіру;</p> <p>«Мысықтар мен балалар» кимылды ойынын ойнау дағдысын бекіту.</p> <p>сапқа тұру, 60 сек. бойы баяу, тез қарқында және түрлі бағытка жүру мен тоқтамай жүгіру дағдыларын бекіту, аранын кимылын салып, әуеннің ырғағымен би кимылдарын орындауды үйрену;</p> <p>көлденен және тік нысанаға кішкентай доп лақтыру, 1,5 м қашықтықта үлкен доп лақтыру дағдыларын жетілдіру секіру дағдыларын, педагогтің көрсетуімен дамыту және сауықтыру жаттығуларын, заттармен жаттығу орындау дағдыларын жетілдіру;</p> <p>«Мысық пен тышқан» кимылды ойынын ойнау.</p> <p>Негізгі қимылдар: өз бетінше сапқа тұру, жүру, жүгіру, айналу, нык кадаммен алға, нык кадаммен артқа жүру, бір тізені көтере отырып жүру, шеңбердегі өз орнын табу (бағдары бойынша), әуеннің ырғағымен би кимылдарын орындау дағдыларын бекіту; тура жолмен, тактайшанын үстімен, арканның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру дағдыларын жетілдіру;</p>

Қазақ тілі	<p>Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады; сөздерді ынта қойып тыңдайды, атайды және есте сақтайды; күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды дұрыс айтады; қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің мәнін түсінеді және сөздерді байланыстырып құрастыра алады; өзіне таныс сөздерден жай сөйлемдер құрастыра алады; шағын қарапайым мәтіндерді, такпақтар мен өлеңдерді тыңдайды, түсінеді және мазмұндайды, жатқа айта алады. қарапайым сұрақтарды түсінеді, оларға қысқа сөйлемдермен жауап береді.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Білім беру міндеті: Тәрбиеші сөзін тыңдап, түсіне білуге үйрету. Бау-бақша туралы түсінік беру. Сөз ішіндегі дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру.</p> <p>Дамыту міндеті: Жыл бойы алған білімдерін бекіту арқылы тілдік қабілеттерін дамыту. Ертегінің көмегімен сөйлеу қарқынын өзгерте білуді дамыту. Әңгімелету арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру, ойын арқылы сөздік қорларын молайту.</p> <p>Тәрбие міндеті: Диалогқа түсе отырып, өз ойларын айта білуге тәрбиелеу. Жануарға қамқорлық жасауға, оларға сүйіспеншілікпен қарай білуге үйрету.</p> <p>Балаларды жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. Сөздерді байланыстырып айту, берілген сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Сарбаздар сияқты сәлемдесуге, тәртіпке бағынып, оны орындауға тәрбиелеу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Білім беру міндеті. Ертегінің идеясын түсінуге, үй жиһаздарын атай білуге үйрету.</p> <p>Дамыту міндеті: Ертегені қайталап айтып беру машығын дамыту. Тілдік қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын кеңейту.</p> <p>Шығарма мазмұнын дұрыс түсініп, тыңдай білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Тәрбие міндеті: Үй жиһазын күтіп ұстауға тәрбиелеу. Адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Міндеттері. ОМ. Кеңістікте бағдарлай білуді қалыптастыру. Ойын арқылы «алыс-жақын», «жоғары-төмен», «үстінде>>, «астында» түсініктерін бекіту. Тәуліктің қарама-қарсы бөліктері білімін бекіту білу. ДМ. Есту зейіні мен есті дамыту, тәрбиеші командасы бойынша әрекеттерді орындай ТМ. Достық өзара ара қатынасқа тәрбиелеу, қуыршақтардың ұлттық киімдеріне деген ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ тудыру. ОМ. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын ажырата білуді бекіту: «он жақ-сол жақ», <алдында-артында>>, «үстінде», «астында; «үлкен», «кіші» көлемдері ұғымдарды нақтылау. ДМ. Логикалық ойлау, байкампаздық және зейінді дамыту; келемі бойынша заттарды топтастыру, заттарды талдау, жетіспейтін бөліктерін табу. ТМ. Дербестік, өзара көмек және өз Отанын қорғау ынтасынын тәрбиелеу ОМ. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын ажырата білуді бекіту: «он жақ-сол жақ», <алдында-артында>>, «үстінде», «астында; «үлкен», «кіші» көлемдері ұғымдарды нақтылау. ДМ. Логикалық ойлау, байкампаздық және зейінді дамыту; келемі бойынша заттарды топтастыру, заттарды талдау, жетіспейтін бөліктерін табу. ТМ. Дербестік, өзара көмек және өз Отанын қорғау ынтасынын тәрбиелеу ОМ. Балаларға қоршаған әлемде келемі, тусі, өлшемі бойынша геометриялық пішіндерге сай келетін заттарды табуды үйрету. Заттардың түсі, пішіні, көлемі білімін бекіту. ДМ. Зейін, логикалық ойлау және сай келетін геометриялық пішіндерді таңдай білуді дамыту. ТМ. Құрдастарға деген жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу, жылдың жаз мезгіліне деген қызығушылық тудыру.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Міндеттері. Ойыншықтардың өлшемін өзі жасаған құрастырумен сәйкестендіріп, сюжетті-ойын тапсырмаларын пайдаланып, әртүрлі пішін мен түрлі түсті бөлшектерден карапайым құрылыс құрастыру дағдысын қалыптстыру. Тапсырмалар: БМ. Ойыншықтардың өлшемін өзі жасаған құрастырумен сәйкестендіріп, алған білімін колданып, әртүрлі пішін мен түрлі түсті (үлгі мен өз ойы бойынша) бөлшектерден карапайым құрылыс құрастыру дағдысын қалыптстыру. ДМ. Құрастыру қабілетін, кеңістіктік бағдарлау, қиял, зейін қояды тәрбиелеу. ТМ. Танымды Қ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ және шыдамдылыққа тәрбиелеу өз бетінше құрастыруға деген ниетін тудыру. БМ. Қағаздың сары түйіршіктерінен бакбак гүлін көруді үйрету; түрлі көлемдегі сак сары кагаздан түйіршіктер шиыршыктату, көркем бейнелі композиция жасау, түрлі көлемдегі бакбактарды аланкайға (алдыңғы қатарға-ірілерін, сонғы қатарға-ұсақтарын)</p>

		<p>орналастыру. Желім карандашын колдануды үйрету.</p> <p>ДМ. Шығармашылық киял, образды кабылдау мен ойлау шеберлігін, ұсақ кол моторикасын дамыту.</p> <p>ТМ. Қағаздан құрастыру шығармашылық жұмысынан алатын әсерлі қуаныш сезімінудыру, баланың бойына ұқыптылық, пен эстетикалық талғамды тәрбиелеу.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>		<p>Білім беру міндеті. Қоршаған ортаны қорғау туралы қарапайым түсініктерін кеңейту.</p> <p>Дамыту міндеті. Танымдық қабілетін дамыту.</p> <p>Тәрбие міндеті. Табиғаттағы қорғауға тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсілдер. Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, ойын: «Өсімдік өсуі үшін не кажет?», «Шыршаға көмек».</p> <p>Еңбек сүйгіштікті, танымдық қасиеттерді жинақтап дамыту барысында табиғат пен тереңірек таныстырудың ерекше орны бар екені мәлім. Сол себепті адістемелік құралдағы ұйымдастырылған оқу қызметінде берілген ойын тапсырмалар балалардын қоршаған орта, жанды және жансыз табиғат туралы ұғымдарын бекітіп, ойын еркін жеткізуге жетелейді.асо</p> <p>Беріліп отырған тыйым сөздер, болжамдар, жағдаяттарды шешу арқылы адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік баланың табиғатқа деген қамқорлық дағдысымен адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастырады.</p>
<p>Сурет салу</p>		<p>Міндеттері: Бейнелейтін заттын сипаттамасын көрсете отырып алақанмен және саусақпен сурет үйрету. Іздер қалдыру мен қылқаламмен жағуды білу, колданатын бояулардын аттарын білуді бекіту.</p> <p>Қиялды, майда моториканы және кол кимылының үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Ұжымдық жұмыстарды орындауға ықыласқа және елгезектікке тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық материал, оқу қорлары: «Сурет салу» демонстрациялық материалы, Тарату материалы: мата қолсурткіш, қызыл, сары, жасыл, көк түсті гуашь сіңірілген, жуқа поролон салынған ыдыстар.</p> <p>Дөңгелек және үшбұрышты заттарды бояуды (контурын жүргізу, ішін бояу) үйрету; геометриялық фигуралардың аттары мен түстерін атауды, шеңбер сала білуді бекіту.</p> <p>Колдын майда моторикасын, назарды, қылқалам мен бояларды пайдалануды дамыту.</p> <p>Танымдық қызығушылықты дамыту; жануарларды күту мен жақсы қору.</p> <p>Дидактикалық материал, оқу қорлары: «Сурет салу» демонстрациялық материалы, -Сурет салу» дәптері, тәрбиеші үлгісі, ойыншық-Ит. Тараму материалы: бедерлі қағаз, акварель бояу, жуан қылқалам, суы тегілмейтін сакан, мата қолсұрткіш, қылқаламсалғыш.</p> <p>Нысанның мінездемесінің ерекше белгілерін көрсете отырып, қисық және доғал сызықтардан сурет салуды үйрету; суда өмір сүретін тіршілік иелері туралы білімді бекіту.</p> <p>Суретті қағаз ортасына орналастыра білуді дамыту.</p>

Бейнелеу өнеріне оң карауға тәрбиелеу.
Дидактикалық материал, оқу корлары: «Сурет салу» демонстрациялық материалы, «Сурет салу» дәптері, тәрбиешінің үлгісі.
Тарату материалы: бедерлі қағаз, акварель бояу, қылқалам, суы төгілмейтін стакан, мата қолсурткіш, қылқаламсалғыш, түсті қарындаштар.

Мүсіндеу

Міндеттері: Екі белшектен тұратын құсты мүсіндеуді үйрету, дене құрылысын(басы мен денесі) бере білу, суретті ұсақ детальдармен толықтыру(көздер); дөңгелек пішіндерді шиыршықтау, ұсақ белшектерді(тұмсық, құрық) шымшу және созу тәсілдерін бекіту. Көзбен мөлшерлеу, кол моторикасын және шығармашылық әлеуетті дамыту. Мүсіндеу сабақтарына деген жағымды қатынасты, өз жұмыстарын ұжымдық композицияға біріктіру ниеттерін тәрбиелеу.
Дидактикалық материалдар, оқу ресурстары: көрсетілім материалдары, тарбиеші үлгісі, үйректін балапаны ойыншығы.
Үлестірмелі материал: ермексаз, мүсіндеуге арналған тақтайша, майлыктар, жалпы композицията жасауға арналған көгілдір түсті мата.

Міндеттері: Бейнелі қабылдауды, колдын моторикасын, түрлі заттардын бедерлемесінің көмегімен мүсіндейтін заттарға өрнектерді түсіру дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа, жасаған жұмысынан қанағаттану сезімін алуға тәрбиелеу.
Ересектердің көмегімен шығармашылық ойды дамыту, әшекей заттарды міндеу дағдыларын калыптастыру.

Жапсыру

Міндеттері: Көктемгі табиғаттың әдемілігін байқауды, болшектерді ойдағыдай кылып орналастырып, жабыстыруды үйрету. Желімді пайдалануды үйрету.
Колдын ұсақ моторикасын, ынтаны дамыту.
Эстетикалық талғам мен көктемгі табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Қажетті құрал- жабдықтар. «Апликация» № 9 демонстрациялық материалы, «Апликация» дәптері, тәрбиешінің үлгісі, ойыншық - «Айсұлу» куыршағы.
Үлестіру материалдары. Жайлау бейнеленген фондық парак, аппликация бөлшектері - кызгалдак түйнектері, желім, мата майлық, клеенка. Түсі мен келемі бойынша әртүрлі бөлшектерді қағаз бетіне орналастырып, жабыстыруды үйрету.
Бөлшектердің шеттерін жанастырып, заттарды кеңістікте бір-біріне дұрыс орналастыруды үйрету; геометриялық пішін атауларын (шаршы, үшбұрыш) және бөлшек түстерін бекіту.
Көз мөлшерімен шамалауды, ойлау кабілетін, колдын кіші моторикасын жетілдіру.

Апликациямен айналысуға деген ынтаны арттыруға, мейірімділік пен көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Музыка

Музыка тыңдау

Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.

Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.

Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.

Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету.

Ән айту

Бір-бірін тыңдау кезінде табиғи дауыспен ән айтуды үйрету.

Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар

Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.

Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.

Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.

Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.